

«Бекітілді» \_\_\_\_\_  
«29» тамыз 2018 жылғы №1 педагогикалық  
кеңес шешімі негізінде №75 бұйрық  
№29 «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы  
директоры Б.О Мұғауова

**Ересектер топтарына арналған  
вариативтік компонент  
«Биле, биле балақай»**

**2018 – 2019 оқу жылы  
(36 сағат)**

**Би маманы: В.Қабдешова**

## **Түсінік хат**

Мектепке дейінгі жастағы балаларды биге үйретуде және осы негізде олардың шығармашылығын дамытуда би маманы белгілі бір тиісті әдістемені білуімен қатар, оның көркемдік әрекет, өнер түрі ретінде би туралы дұрыс түсінігі болуы қажет. Бидің табиғатын дәл түсіну педагогке қойылған міндеттерді мәнді әрі шебер шешуге мүмкіндік береді.

Би – музыкалық және пластикалық өнер, оның ерекшелігі – өнердің кез келген түрі сияқты, қоршаған өмірді көркем бейнелер арқылы бейнелей отырып, оларды орындаушылардың мәнерлі қимылдары арқылы сөзсіз бейнелейді. Бұл балалардың «өз денесі арқылы» бейнелерді тиімді сипаттауымен қиялдарының қозғаушы табиғатына толығымен сәйкес келеді. Осыған орай, биде балалардың шығармашылық қиялы, музыкалық әрекеттердің басқа түрлеріне қарағанда тиімдірек дами алады. Шығармашылық қиялдың дамуына музыканың да әсері ерекше. Бұл ең алдымен, шығармашылық табиғатқа тән қабылдау процесінде орын алады. Осыған байланысты музыкалық іс-әрекеттің барлық түрлерінің, оның ішінде бидің шығармашылық сипаты айқын. Би бейнелігімен, сюжеттілігімен ерекше. Бұл драматизацияға енуге және оны Л.С. Выготскийдің ойынша, кез келген балалар шығармашылығының «тамыры» болып табылатын сюжеттік-рөлдік ойынға жақындатады. Бидің ойын ерекшеліктерін де, оны мектепке дейінгі жастағы балалардың қабілеттерін дамытуға пайдалы әрекет ретінде сипаттайды. Би – балалардың шығармашылық пен қиялы қалыптасуы мен дамуына оңтайлы болып табылатын, бидің үш сипаты - музыка, қозғалыс және ойынның бір әрекетте үйлесетін көркемдік қызмет түрі.

**Мақсаты:** балаларды би тіліне үйрету, жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениеттің игілігі болып табылатын би өнері әлемімен таныстыру арқылы шығармашылық тұлғаны қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

1. Балаға бағытталған әдіс арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.
2. Бидегі балалардың қиялын дамыту.
3. Балаларды музыканың табиғатына сәйкес әр түрлі музыкалық-ритмикалық қимылдармен таныстыру.
4. Мектепке дейінгі жастағы балаларды сахнада өзін-өзі ұстаудың қарапайым ережелерімен таныстыру.
5. Өнерді сүйеге, құрметтеуге, оның эстетикалық құндылығын түсінуге тәрбиелеу.

**Хореографиядан ұйымдастырылған оқу қызметін жүзеге асырудың ұйымдастырушылық шарттары:**

ҰОҚ жоспары 4-5 жас балаларға арналған.

ҰОҚ жиілігі – аптасына 1 рет, жылына 36 сағат жоспарланған.

### **Күтілетін нәтиже:**

Бидің негізгі әдістері туралы түсініктерге ие.

Қиялдары дамыған.

Музыкалық-ритмикалық қимылдарды орындай алады.

| Ай-апта | Мақсаты                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Музыкалық-ырғақты қимылдар                                                                                                                                               | Би элементтері                                                                                                                                                                               | Би репертуары | Релаксация, ойын                                                   | Іс-әрекет технологиясы                                                                         | Сағат |
|---------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|--------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|
| ІХ-І    | Балаларды би қимылдарымен таныстыру. Әуенге сай ырғақты билей білуге үйрету. Балаларды қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Билеу кезінде аяқты еркін қозғалта білу шеберліктерін арттыру. Балаларға би кезінде тепе-теңдік сақтауға, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.      | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Жұпты» биінің аяқ, қол, бас қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Қолды бір-біріне беттестіріп, аяқпен ырғақты қозғала білуді үйрету.                                    | «Жұпты» биі   | Ойын «Орамал кімде»                                                | Алдын-ала жұмыс (балаларды ұжымдық қимыл әрекетке үйрету) Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау | I     |
| ІХ-ІІ   | Балалардың көңіл-күйін көтеріп, «жұпты» биінің қимылдарын қайталап, орындату. Балаларды қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Билеу кезінде аяқты еркін қозғалта білу шеберліктерін арттыру. Балаларға би кезінде тепе-теңдік сақтауға, кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Жұпты» биінің аяқ қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйретуді жалғастыру. Би қимылын еркін орындауын қадағалау.                                                               | «Жұпты» биі   | Релаксация: «Арамен ойнау»                                         | Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау                                                 | I     |
| ІХ-ІІІ  | Балалардың көңіл-күйін көтеріп, биге деген тиянақты ынтасы мен сүйіспеншілігін ояту. Балалардың аяқ, қол қимыл қозғалыстарын нақышына келтіре отырып, би қимылдарын еркін сипаттай білуге талпындыру.                                                                                         | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.                                        | Балаларға «Орыс» биінің қимылдарын: аяқтың ұшымен өкшені кезектестіру, секіріп тізені бүгіп, аяқты алға созу, екі қолды созып қайық бейнесін келтіру, аяқты ырғақты соғуды көрсетіп, үйрету. | «Орыс» биі    | Ойын: «Қайталаймыз» (аяқпен топылдатамыз, көңіл-күймен орындалады) | Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс үйрету Бақылау                                                    | I     |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                       |                                    |                              |                                                            |   |
|-------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|------------------------------|------------------------------------------------------------|---|
| IX-ІҮ | Балаларға би қимылдарын қайталатып, ерекшеліктерін түсіндіру, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Балаларды өздері билейтін музыкасын тыңдап, музыка фазаларын, біліктерін ажыратуға, екпінін анықтауға үйрету.                                                                                                        | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау | Балаларға «Орыс» биінің жүрісін, қол, аяқ, бас қимылдарын көрсетіп үйретуді жалғастыру. Биде жеңіл қозғала білуге үйрету.             | «Орыс» биі                         | Ойын: «Қайталаймыз» (аяқпен) | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| X-I   | Балаларды биді түсініп қабылдау талғампаздығына тәрбиелеу, эстетикалық сезімталдығын қалыптастыру. қимылдарымен таныстыру.Балалар би үстінде кеңістік бағдарлап тепе-теңдік сақтауды үйрету. Музыкалық-ырғақты қимылдарды әуенге сай орындауға үйрету.Балаларға би қимылдарын тез, әдемі, ырғақты орындауын қадағалау. | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.                                      | Балаларды «Қолшатыр» биін әуенемен таныстырып тыңдату би қимылдарын көрсету, бидің жеңіл элементтерін қайталау.                       | «Қолшатыр» биі                     | Ойын Мимикалық қимылдар      | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау              | I |
| X-II  | Балаларға үйренген билерін еске түсіріп, қайталатып, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Балалардың қызығушылығын арттырып, жаңа «Жапырақтар» биінің әуенін тыңдатып, қимылдарын көрсетіп, биді сезіммен жеткізуді үйрету.                                                                                              | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.                                      | Балаларға «Қол шатыр» және «Жапырақтар»биінің қол, аяқ қимылдарын көрсетіп үйрету.                                                    | «Қол шатыр» биі<br>Жапырақтар» биі | Ойын: «Жапырақ жинау»        | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| X-III | Балалардың көңіл-күйін көтеріп, биге деген қызығушылығын оята отырып, «Күзгі вальс» биінің әуенін тыңдатып, қимылдарын көрсетіп табиғат сұлулығын би арқылы сезіммен жеткізуге үйрету.                                                                                                                                 | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.                                      | Балаларға «Күзгі вальс» биін билеу кезінде жеңіл айналуға, бір-бірімен қашықтықты сақтауға, қол, аяқ, бас қимылдарын көрсетіп үйрету. | «Күзгі вальс» биі                  | Релаксация «Күз»             | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>үйрету<br>Бақылау    | I |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                   |                                                                                                                                |                   |                                    |                                                            |   |
|-------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|------------------------------------|------------------------------------------------------------|---|
| X-ІҮ  | Балаларға вальс биінің қимылдарын еске түсіріп, ерекшеліктерін түсіндіру, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Балаларды өздері билейтін музыкасын тыңдап, музыка фазаларын, біліктерін ажыратуға, екпінін анықтауға үйрету.                                              | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. | Балаларға «Күзгі вальс» биінің жүрісін, қол, аяқ, бас қимылдарын көрсетіп үйретуді жалғастыру. Би қимылдарын еркін қайталату.  | «Күзгі вальс» биі | Ойын: «Қайталаймыз» (аяқпен)       | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| XI-I  | Балаларды жаңа бидің әуенімен таныстыру қимылдарын көрсетіп және әуенді сезініп, ырғақпен билеуге үйрету. Би қимылдарын нақты орындау шеберліктерін арттыру.                                                                                                             | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. | Балаларға «Қуыршақ» биінің қимылдарын көрсетіп үйрету. Кеуде мен қолды бір-біріне бағындыруға үйрету.                          | «Қуыршақ» биі     | Ойын: «Ойыншықтар»                 | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау              | I |
| XI-II | Балаларды ырғақты «Доп» биінің қимылдарымен таныстыру. Әуенге сай доппен ырғақты, мәнерлі билей білуге үйрету. Балалар қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Би арқылы эстетикалық талғаммен қатар баланың физиологиялық дамуын жақсартуға мүмкіндік беру. | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. | Балаларға «Доп» биінің қол, аяқ, бас, иық қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Затпен билей білуге жаттықтыру. (доп) | «Доп » биі        | Ойын: «Әуенге сәйкес қимыл жасату» | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |

|        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                  |                                                                                                                                        |             |                                |                                                            |   |
|--------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------|---|
| XI-III | Балаларға қазақ биін үйрету рухани үлгі. Қазақ биінің мәдениетін ауызша түсіндіріп, әуенін тыңдатып, қимылдарын көрсету. табиғат сұлулығын би арқылы сезіммен жеткізуге үйрету. Қазақ биін билеу кезінде аяқтың, қолдың, белдің әдемі қозғалуын қадағалау және патриоттық сезіммен билеуге үйрету.                                                                  | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. | Балаларға «Қазақ» биінің қол, аяқ, бас қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп, қимылдарды еркін қайталауға үйрету.                     | «Қазақ» биі | Релаксация «Ғажайып түс»       | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>үйрету<br>Бақылау    | I |
| XI-IV  | Балалардың «Қазақ биінің» қимылдарын еске түсіріп, қайталау.Әуенді сезініп, ырғақпен нақты, әдемі билеуін қадағалау.Биге деген қызығушылықтарын арттыру, қазақ өнеріне патриоттық сезімін ояту.                                                                                                                                                                     | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. | Балаларға «Қазақ» биінің жүрісін, қол, аяқ, бас қимылдарын көрсетіп үйретуді жалғастыру. Бір бағытқа бірдей қозғала білуге жаттықтыру. | «Қазақ» биі | Релаксация «Бұғылар»           | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| XII-I  | Балалардың көңіл-күйін көтеріп, «Ча-ча» биінің әуеніментырып, балалардың денедегі бұлшық еттердің барлығын ырғақты қозғалысқа келтіру үшін алдын-ала әр түрлі қимылды жаттығулар жасату. Би қимылдарын әуенге сай жәй, асықпай жаттығуды тебіреніп орындау,биге деген құштарлық сезімін ояту.Әуенге сай жәй қимылдарды нақышына келтіріп орындай білуге талпындыру. | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. | Балаларға «Ча-ча» биінің аяқ қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Аяқты кезек-кезек қозғау.                                  | «Ча-ча» биі | Мимикалық Қимылды ойын «Шырша» | Түсіндіру<br><br>Көрсету<br><br>Жеке жұмыс<br><br>Бақылау  | I |

|         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                    |                              |                                                  |                                                            |   |
|---------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|--------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|---|
| XII-II  | Балаларға жаңа-жыл мерекесі туралы, гном туралы түсінік беру. «Гном» биінің ырғақты, шапшаң, жақсы көңіл күймен орындалатынын айта отырып, қимылдар-ды орындауға үйрету. Балаларды өздері билейтін музыкасын тыңдап, музыка фазаларын, біліктерін ажыратуға, екпінін анықтауға үйрету. Жұптық биде ұл мен қыздың бір-біріне қарап көңілді, жеңіл билей білуін қадағалау. | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.     | Балаларға «Гном» биінің секіру, жүгіру, аяқ қимыл-дарын көрсетіп үйрету. «Жаңа жыл вальсі» би қимылдарының жаттығуларын қайық, жұппен айналу қимыл-дарын орындату. | «Гном» биі «Жаңа жыл вальсі» | Ойын: «Біз көңілді балалармыз»                   | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| XII-III | Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатын-да алдымен шаттық шеңберін ұйымдастыру. Жаңа би қимылдарын сипаттап беріп, ерекшеліктерін түсіндіру.«Көңілді қояндар» биінің қимылдарын тез, әдемі, ырғақты, әуенге сай қимыл қозғалысты орындалуын қадағалау. Әуенді мұқият тыңдай білуге дағдыландыру.                                                                          | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.     | Балаларға «Көңілді қояндар» биінің қимылдарын түсіндіріп, көрсету. Аңдардың қимылын олардың қозғалысына сай орындауға үйрету.                                      | «Көңілді қояндар» биі        | Ойын: «Үй қояндары»                              | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>үйрету<br>Бақылау    | I |
| XII-IV  | Балаларға би ырғағын түсіндіріп,би арқылы балалар көңіл-күйін көрсете білу. Балаларды аяқ қимыл қозғалыстарын нақышына келтіре отырып,биге ашықтық беруге, би қимылдарын еркін сипаттай білуге талпындыру.                                                                                                                                                               | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.     | Балаларға «Шыршалар» биінің жүрісін, қол, аяқ, бас қимылдарын көрсетіп үйрету.                                                                                     | «Шыршалар» биі               | Ойын: «Шырша»                                    | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| I-I     | Балаларға әсем әуен арқылы биге деген қызығушылық сезімдерін оята отырып, көңіл-күйін көтеріп, бидің классикалық әуенін тыңдатып, қимылдар арқылы әуенмен қозғала билеуін,                                                                                                                                                                                               | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.Бас, | Балаларға классикалық «Орамал» биінің аяқ қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Жәй ырғақты                                                               | «Орамал» классикалық биі     | Ойын: «Пингвин, аю, түлкі, қоян жүрістерін салу. | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс                         | I |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                             |                |                                    |                                                            |   |
|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|------------------------------------|------------------------------------------------------------|---|
|       | пластикалық қимылын көрсете білу. Билеу кезінде жеңіл қозғала білу шеберліктерін арттыру.                                                                                                                                                                   | иық, бел, аяқ қимылдарын орындау.                                                                                                                                        | қалықтап билей білуге жаттықтыру.                                                                                                           |                |                                    | Бақылау                                                    |   |
| I-II  | Балаларды украин ұлтының қимылдарымен таныстыру. Әуенге сай ырғақты билей білуге, қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге үйрету. Би арқылы эстетикалық талғаммен қатар баланың психологиялық дамуын жақсартуға мүмкіндік беру. Қол аяқ қимылдарын жетілдіру. | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Украин» биінің қол, аяқ, иық қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Аяқты ұшымен, өкшемен қойып билей білуге жаттықтыру. | «Украин» биі   | Ойын: «Әуенге сәйкес қимыл жасату» | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| I-III | Балаларға татар биін үйрету. Әуенге сай ырғақты билей білуге, би қимылдарын еркін меңгеру арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Саусақ, буын, білек, мойын, кеуде, иықтардың қимылын еркін орындай білу шеберліктерін арттыру.                      | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Татар» биінің қол, аяқ, иық қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Би элементтерінің жеңіл түрлерін үйрету.              | «Татар» биі    | Релаксация «Қысқы орман»           | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>үйрету<br>Бақылау    | I |
| I-IV  | Балаларды грузин халқының би ырғақта-рымен таныстыру. Би арқылы грузин хал-қының мәдениетін көрсете білу. Балалардың грузин биінің қимыл-қозғалысын нақышына келтіріп, тез және мәнерлі білуге үйрету. Музыкалық әуенді тыңдай білу шеберліктерін арттыру.  | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.                                        | Балаларға «Грузин» биінің жүрісін, қол, аяқ, бас қимылдарын көрсетіп үйрету.                                                                | «Грузин» биі   | Релаксация «Қысқы орман»           | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| II-I  | Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамытып, шапшаңдыққа, нақтылыққа тәрбиелеу. Денені тік ұстап, денедегі бұлшық еттердің                                                                                                                                       | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен                                                              | Балаларға «Батырлар» биінің аяқ қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Тіземен                                                      | «Батырлар» биі | Ойын «Арқан тартыс»                | Түсіндіру<br><br>Көрсету<br><br>Жеке жұмыс                 | I |

|        |                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                     |                               |                                                                                          |                                                            |   |
|--------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|---|
|        | барлығын ырғақты қозғалысқа келтіру үшін алдын ала әртүрлі қимылды жаттығулар жасату. Кеңістікті бағдарлай білуге күрделі қимылдарды үйрету. Биге деген құштарлық сезімдерін ояту.                                                          | жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау.                                                                                                             | шапшаң отырып тұру жаттығуларын орындату.                                                                                                                           |                               |                                                                                          | Бақылау                                                    |   |
| II-II  | Балаларды жаңа бидің әуенімен қимылдарымен таныстыру. Әуенге сай ырғақты билей білуге үйрету. Балалар қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Биге деген қызығушылығын арттыру.                                                 | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Чунга-чанга» биінің аяқ, қол, иық, бас қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Жеңіл ырғақты қозғала білуге талпындыру.                           | «Чунга-чанга» биі             | Релаксация: «Күн»                                                                        | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| II-III | Балалар «Чунга-чанга» биінің қимылдарын еске түсіріп, қайталату. Әуенмен мәнерлі, көңілді ырғақты нақышына келтіріп билей білуді үйрету. Музыкалық әуенді тыңдай білу шеберліктерін арттыру.                                                | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесі мен жүру, айналу, секіру.                                       | Балаларға «Чунга-чанга» биінің аяқ, қол, иық, бас қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйретуді жалғастыру.                                                       | Қайталау<br>«Чунга-чанга» биі | Ойын: «Әуенге сәйкес қимыл жасату»                                                       | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>үйрету<br>Бақылау    | I |
| II-IV  | Балаларға цыган халқының әуенін тыңдату арқылы цыган биінің қимыл-дарымен таныстыру. Би арқылы балалар көңіл-күйін көрсете білу. Балаларды аяқ қимыл қозғалыстарын нақышына келтіре отырып, би қимылдарын еркін сипаттай білуге талпындыру. | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.                                        | Балаларға «Цыган» биінің жүрісін, қол, аяқ, бас қимылдарын көрсетіп үйрету. Алға, артқа шалқаю, иықты бірқалыпты қозғауға арналған жаттығулар орындауға жаттықтыру. | «Цыган» биі                   | Ойын: «Қоңыздар»<br>«Коррекционная ритмика»<br>Айдарбекова А.А.<br>Прибылова Л.П. 74 бет | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I |
| III-I  | Балаларды әуенмен таныстырып, би қимылы арқылы көктем мезгіліне мінездеме беру. Музыканы қабылдау және оны сезіне білуге, көңіл күймен би                                                                                                   | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен                                                              | Балаларға «Көктем вальсі» биінің аяқ қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету.                                                                                 | «Көктем вальсі» биі           | Релаксация: «Көбелектер»                                                                 | Алдын-ала жұмыс (балаларды ұжымдық қимыл әрекетке үйрету)  | I |

|         |                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                            |                      |                         |                                                                        |   |
|---------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------|---|
|         | мазмұнын түсіне білуге үйрету. Музыканы есте нақты сақтай отырып, биге жұмсақтықпен еркіндік бере білуге қимыл-қозғалыстарын дамытып, шапшаңдыққа, нақтылыққа тәрбиелеу.                                                                                                | жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау.                                                                                                             |                                                                                                                                                            |                      |                         | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау                          |   |
| III-II  | Балаларды жаңа бидің әуенімен қимылдарымен таныстыру. Балалардың көңіл-күйін көтеріп бидің нәзіктігін, әдемілігін жеткізе білуге және жеңіл әрі әсерлі билеуге үйрету. Биге жұмсақтықпен еркіндік бере білуге тәрбиелеу.                                                | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Гүлдер» биінің аяқ, қол, иық, бас қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Гүлдей нәзіктікті сезініп жәй қимыл жасату.                    | «Гүлдер» биі         | Релаксация: «Гүлдер»    | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау             | I |
| III-III | Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатын да алдымен шаттық шеңберін ұйымдастыру. Жаңа би қимылдарын сипаттап беріп, ерекшеліктерін түсіндіру. Қимылдарын тез, әдемі, ырғақты, әуенге сай қимыл қозғалысты орындалуын қадағалау. Әуенді мұқият тыңдай білуге дағдыландыру. | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Жұпты» биінің аяқ, қол, иық, бас қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Басты бір мезгілде бұрып, бірдей қимыл жасай білуге жаттықтыру. | «Жұпты» биі.         | Ойын: «Көңілді қояндар» | Түсіндіру<br>Көрсету<br><br>Жеке жұмыс<br>үйрету<br><br>Бақылау, ойын. | I |
| III-IV  | Балаларға биді қайталату кезінде музыка сипатына сай қимылды үйлестіруге талпындыру, билеу шеберліктерін арттыру. Әуенге қарай әр-түрлі қимылдарды ырғақпен орындауды үйрету. Би қимылдарын аттау, бір орында тұрып айналу және жұптасу арқылы орындау.                 | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, өкшемен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау.          | Балаларға «Жұпты» биінің қол, аяқ, бас қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп, қошқар мүйіз, толқын, айнаның қимылдарын үйрету.                            | Қайталау «Жұпты» биі | Ойын: «Тақия тастамақ»  | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау             | I |

|        |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                     |               |                                              |                                                                                                |   |
|--------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|----------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
| ІҮ-I   | Балалардың жыл бойғы үйренген вальс биінің қимылдарын қорытындылау. Алдын ала үйренген би қимылдарын нақышына келтіріп орындау. Музыканы есте сақтай отырып, биге жұмсақтықпен еркіндік бере білуін қалыптастыру. Жүп болып бірге билеу кезінде өздерін еркін ұстай білуге дағдыландыру. | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Куэ болі» биінің аяқ қимылдары мен дене қозғалысын реттеу. Биді еркін орындауға үйрету.                                                  | «Куэ бол» биі | Релаксация: «Көбелек»                        | Алдын-ала жұмыс (балаларды ұжымдық қимыл әрекетке үйрету) Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау | I |
| ІҮ-II  | Балаларға жәндіктер туралы мағұлмат бере отырып, көбелектің өте жеңіл ұшатындығына көңіл бөлгізу, жәй әуеннің ырғағын сезініп, жеңіл ауауда қалқып толқынды билей білуге үйрету. Би қимылдарын нақты орындау шеберліктерін арттыру.                                                      | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Көбелектер» биінің аяқ, қол, иық, бас қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Көбелектің мінез-құлқына сәйкес қимыл әрекет жасау. | «Көбелек» биі | Релаксация: «Көбелек» Ойын: «Өз гүлінді тап» | Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау                                                 | I |
| ІҮ-III | Балаларды достық биінің қимылдары-мен таныстыру. Әуенге сай ырғақты билей білуге, қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге үйрету. Билеу кезінде денені еркін қозғалта білу шеберліктерін арттыру.                                                                                          | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Достық» биінің аяқ, қол, иық, бас қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйретуді жалғастыру.                                            | «Достық» биі. | Релаксация: «Орамал»                         | Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс үйрету Бақылау, ойын.                                             | I |
| ІҮ-IV  | Балаларға марш әуенімен қимылдарды орындата отырып, марш кезінде тепе-теңдікті ұстай білуге, нұсқау бойынша қимылдарды түсініп дұрыс орындауға үйрету.                                                                                                                                   | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, өкшемен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау.          | Балаларға колонна арқылы маршпен жүруді, жан-жаққа шашырап, екі немесе үш қатарға бөлініп жүруді үйрту. Қол мен аяқты еркін қозғалту.               | Колонна       | Ойын: «Ұшы-ұшты»                             | Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау                                                 | I |
| Ү-I    | Қайталау. Балалардың көңіл-                                                                                                                                                                                                                                                              | Жаттығулар: марш,                                                                                                                                                        | Балаларға                                                                                                                                           | «Қазақ» биі   | Релаксация                                   | Түсіндіру                                                                                      | I |

|       |                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                          |                                                                                                                             |                     |                                                                                                                   |                                                            |           |
|-------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|-----------|
|       | күйін көтеріп, бидің классикалық әуенін тыңдатып, қимылдар арқылы әуенмен қозғала білуін, бидің әдемілік сезініп пластикалық қимылын көрсете білуін қадағалау. Билеу кезінде жеңіл қозғала білу шеберліктерін арттыру. | аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.                                                          | «Қазақ» биінің қимылдарының қозғалысын реттеу.                                                                              |                     | «Алаңқайдағы гүлдер»                                                                                              | Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау                           |           |
| Ү-II  | Қайталау. Балалардың көңіл-күйін көтеріп, «ча-ча» биінің қимыл-қозғалыстарын қайталату. Әуенге сай жәй қимылдарды нақышына келтіріп орындай білуге талпындыру.                                                         | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру.                                        | Балаларға «Ча-ча» биінің аяқ қимылдары мен дене қозғалысын реттеу.                                                          | «Ча-ча» биі         | Релаксация «Шар»                                                                                                  | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I         |
| Ү-III | Балаларға балапандар биін үйрету. Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамытып, шапшаңдыққа, нақтылыққа тәрбиелеу. Биге деген қызығушылық-тарын құштарлықтарын ояту.                                                         | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Балапандар» биінің қол, аяқ, иық қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету. Өкшемен билей білуге жаттықтыру. | «Балапандар» биі    | Ойын: «Пингвин, аю, түлкі, қоян жүрістерін салу                                                                   | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>үйрету<br>Бақылау    | I         |
| Ү-IV  | Көктем мезгілінің құбылысына сәйкес би қимылын қайталау. Музыканы есте сақтай отырып, қимыл-қозғалыстарын әдемі, жеңіл орындай білуге дағдыландыру.                                                                    | Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, тізені бүгу, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау. | Балаларға «Көктем вальсі» биінің қозғалыстарын қайталату. Қол, аяқ, бас қимылдарын еркін орындауға үйрету.                  | «Көктем вальсі» биі | Ойын: «Аңдар паркінде» 1,2,3,4 жаттығулар. А. Айдарбеков а Л. Т. Прибылова «Коррекционная ритмика» кітабы. 77 бет | Түсіндіру<br>Көрсету<br>Жеке жұмыс<br>Бақылау<br>Қадағалау | I         |
|       | <b>Барлығы</b>                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                          |                                                                                                                             |                     |                                                                                                                   |                                                            | <b>36</b> |

